

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР
МИНИСТРЛІГІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ
БАЙҒАНИН АУДАНЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ
ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ПО
ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ СИТУАЦИЯМ
БАЙГАНИНСКОГО РАЙОНА
ДЕПАРТАМЕНТА ПО ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ
СИТУАЦИЯМ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ
МИНИСТЕРСТВА ПО ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ
СИТУАЦИЯМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

030300, Қарауылкелді ауылы, Құрылысшылар көшесі, 16
қабылдау б.тел.: 8 (71345) 22-0-91
e-mail: ochs_baigan_aktub@cmcr.kz

030300, село Караулкелды, ул.Курылысшылар, 16
тел. прием: 8 (71345) 22-0-91
e-mail: ochs_baigan_aktub@cmcr.kz

13.01.2025 ж.
№ 21-04-26-9/11-У

Байғанин аудандық білім бөліміне
қарасты орта мектептердің
директорларына
(тізім бойынша)

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V Азаматтық қорғау туралы Заңының 3-бабы 1-тармағы 1) тармақшасының негізінде, азаматтық қорғау қызметінің негізгі міндеттерінің бірі төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою болып табылады.

Осыған орай, Байғанин ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі Байғанин аудандық білім бөліміне қарасты мектептерде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауды ұсынады.

Өрт қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын төмендегі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып сақтауларыңыз қажет:

1. ҚР ТЖМ «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» 21.02.2022 жылғы № 55 бұйрығы.

2. ҚР ТЖМ «Ұйымдардың жұмыскерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидаларын және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» 09.06.2014 жылғы № 276 бұйрығы;

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 23.06.2017 жылғы №40 шешімімен қабылданған «Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрт сөндіру құралдарына қойылатын талаптар туралы» (ЕАЭО ТР 043/2017) Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті;

4. ҚР ТЖМ 17.08.2021 жылғы № 405 бұйрығы «өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

Сонымен қатар, негізгі өрт қауіпсіздігі ережелерін қысқаша қосымшада көрсете отырып жолдаймын.

Қосымша: 4 (төрт) парақта.

Бастық

азаматтық қорғау подполковнигі

К. Балышов

Мамбетов Е. Р. Муртазеева С. С.

7
2007 — 1. Ұйымдардың аумағы тәуліктің қараңғы уақытында өрт гидранттарын, сыртқы өрт сатыларын және өрт сөндіру керек-жарақтарының орналасқан орнын, өрт су қоймаларының пирстарына, ғимараттар мен құрылыстарға кіретін кіреберістерді тез табу үшін сыртқы жарықтандырумен қамтамасыз етілуі қажет;

+ 2. Өртке қарсы су құбыры желілерінің, өрт гидранттары мен өрт крандарының су жіберуі мен жұмыс қабілеттілігі жылына кемінде екі рет (көктемде және күзде) тексерілуі тиіс;

+ 3. Өрт гидранттары жарамды күйде ұсталады, ал қысқы уақытта жылы оралады және қар мен мұздан тазартылуы тиіс;

+ 4. Өрт техникасының өртке қарсы сумен жабдықтау көздеріне жолдар мен кіреберістер арқылы өтуі жылдың кез келген мезгілінде қамтамасыз етілуі тиіс;

— 5. Жерасты өрт гидранты орналастырылған жердің жанында "ӨГ" әріптік индексі, нұсқағыштан бастап гидрантқа дейінгі қашықтық метрдегі цифрлық мәндермен жазылған жарықтандырылған немесе флуоресцентті нұсқағыш орнатылады.

Өрт сөндіру су қоймасында "ӨС" әріптік индексі, шаршы метрлердегі су қорының цифрлық мәндері және бір мезгілде су қоймасы алаңында қоюға болатын өрт сөндіру автомобильдерінің саны жазылған ұқсас нұсқағыш орнатылады;

+ 6. Өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерінің жабдығы (өрт гидранттары, өрт крандары, сумен және көбікпен өрт сөндіру, сондай-ақ су бүрку құбыр жүйелері) пайдалануға қабылдаудың алдында және жылына кемінде екі рет (көктемде және күзде) техникалық қарап-тексеріледі, су жіберу арқылы олардың жұмыс қабілеттілігі (су беруі) тексеріледі.

+ 7. Өрт қауіптілігіне сәйкес өртке қарсы режим белгіленетін өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтың болуы;

+ 8. Өртке қарсы нұсқаулық журналының жүргізілуі;

+ 9. Ғимараттың ағаш құрылымдары (төбе жабындылары) мен талшықтары және металл тіректері оттан қорғау қасиеті бар құраммен өңделу (сіңірілу) және сынама хаттамамен рәсімделу;

+ 10. Өрт-техникалық минимум бағдарламасы бойынша оқудан өту;

+ 11. Жекелеген жұмыс учаскелерінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адамдардың болуы;

+ 12. Өртке қарсы қорғау жүйелерін пайдалануға, бастапқы өрт сөндіру құралдарын сатып алуға, жөндеуге, сақтауға және іс-қимылдарға әзірлігіне, техникалық қызмет көрсету (қолмен өрт сөндіргіштерді қайта зарядтау) мен жоспарлы-сақтандыру жөндеуді уақтылы және сапалы өткізуге жауапты лауазымды адамның болуы;

+ 13. Ғимарат өрт автоматикасы дабылымен және автоматты өрт сөндіру құрылғысымен жабдықталу;

+ 14. Тиісті даярлықтан өткен мамандардың немесе мамандандырылған ұйымдардың шарт бойынша уақтылы техникалық қызмет көрсету жұмыстарын өткізу және жоспарлы-алдын алу жөндеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру арқылы өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын жұмысқа қабілетті күйде ұстау;

15. Өрт автоматикасы жүйелерімен және қондырғыларымен жабдықталған объектіде мынадай құжаттама болуы тиіс:

+ 1) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларына жобалау-сметалық құжаттамасы;

+ 2) орындау құжаттамасы (жұмыс сызбаларының жиынтығы), жасырын жұмыстардың (олар болған жағдайда), сынақтар мен өлшеулердің актілері;

+ 3) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалануға қабылдау актісі;

? + 4) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының құрамына кіретін техникалық құралдарға паспорттар;

+ 5) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалану жөніндегі нұсқаулық;

+ 6) техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-алдын алу жөндеуінің жоспар-кестесі;

+ 7) өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалану журналы;

+ 8) жедел (кезекші) персоналдың кезекшілік кестесі; *құжаты*

? + 16. Өртке қарсы қорғау жүйелерінің техникалық құралдарына техникалық қызмет көрсету және жоспарлы-сақтандыру жөндеу жұмыстарын есепке алатын арнайы журналдың болуы;

+ 17. Бастапқы өрт сөндіру құралдарының талап етілген санының болуы;

+ 18. Бастапқы өрт сөндіру құралдарына техникалық қызмет көрсету журналы;

+ 19. Бастапқы өрт сөндіру құралдарын тексеру және қайта толықтыру журналы;

жоқ — 20. Ғимараттар мен құрылыстардың шатырындағы сыртқы өрт сөндіру сатылары мен қоршаулары жарамды күйінде ұсталуға пайдалану сынауларын жүргізу;

+ 21. Электр қондырғыларының барлық ток жүргізу бөліктері, тарату құрылғылары, аппараттары мен өлшеуіш аспаптары, сондай-ақ бөлгіш түріндегі сақтандыру құрылғылары, ажыратқыштары және барлық өзге де іске қосатын аппараттары мен аспаптары тек жанбайтын негізге (мрамор, текстолит, гетинакс) орнатылу;

22. Сымдар мен кәбілдердің талсымдарын жалғау, ұштау және тармақтау өртке қатысты қауіпті ауыспалы кедергілерді болдырмау үшін сығымдау, дәнекерлеу, балқытып біріктіру немесе арнайы қысқыштар көмегімен жүргізіледі;

23. Электр қондырғыларын пайдалану кезінде:

1) дайындаушы кәсіпорынның нұсқаулығында баяндалған қауіпсіздік талаптары бұзылған электр желілері мен электр энергиясын қабылдағыштарды, өрттің шығуына (ұшқындауға, қысқа тұйықталуға, кабельдер мен сымдардың окшаулағышының шамадан тыс қызуына, автоматты басқару, аварияға қарсы және өртке қарсы қорғау жүйелерінің істен шығуына) әкелуі мүмкін ақаулары бар электр қабылдағыштарын пайдалануға, сондай-ақ окшаулағышы зақымданған немесе қорғағыш қасиеттері жойылған электр сымдары мен кабельдерін пайдалануға;

2) зақымданған және бекітілмеген розеткаларды, ажыратқыштарды, басқа электр қондырғылары бұйымдарын пайдалануға;

3) конструкциясында көзделген жылу реттегіштер болмаған немесе ақау болған кезде электр қыздырғыш аспаптарын қолдануға;

4) электр шамдары мен шырағдандарды қағазбен, матамен және басқа жанғыш материалдармен орауға, сондай-ақ шырағданның конструкциясында көзделген қалпақтары (шашыратқыштары) және қорғаныш торлары алынып қалған шырағдандарды пайдалануға;

5) стандартты емес (қолдан жасалған) электр қыздыру аспаптарын қолдануға, калибрленбеген балқығыш ендірмелерді және шамадан тыс жүктеме мен қысқа тұйықталудан қорғайтын қолдан жасалған басқа аппараттарды пайдалануға;

6) электр қалқандарының, электр қозғалтқыштарының және іске қосу аппаратурасының жанында жанғыш (оның ішінде тез тұтанатын) заттар мен материалдарды орналастыруға (жинауға);

7) электр сымдары мен кабельдерінің жалғамалары мен ұштарын окшаулаусыз қалдыруға жол берілмейді.

24. Стационарлық жабдықтың, күштік және жарықтандыру желісінің электр сымдарының жай-күйін тексеру, сымдардың, кабельдер мен жерге тұйықтау құрылғыларының окшаулағышының кернеуін сынау және өлшеу пайдалануға беру кезінде, одан әрі график бойынша, бірақ үш жылда кемінде бір рет жүргізіледі. Өлшеулердің нәтижелері актімен (хаттамамен) ресімделеді.

жоқ — 25. Ғимаратта өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелері болған кезде ішкі өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелерінің жабдығын (өрт гидранттары, өрт крандары, сумен және көбікпен өрт сөндіру, сондай-ақ су бүрку құбыр жүйелері) су жіберу арқылы су беруін қарап-тексеру және тексеру нәтижелері актісінің және сынау хаттамасының болуы;

26. Эвакуациялық жолдар мен шығу жолдарын пайдалану кезінде:

1) эвакуациялық жолдар мен шығуларды (оның ішінде өтетін жерлерді, дәліздерді, тамбурларды, галереяларды, лифт холдарын, баспалдақ алаңдарын, баспалдақ сатыларын, есіктерді, эвакуациялық люктерді) түрлі материалдармен, бұйымдармен, жабдықпен, өндірістік қалдықтармен, қоқыспен және басқа да заттармен үйіп тастауға, сондай-ақ эвакуациялық шығу есіктерін бекітіп тастауға тыйым салынады;

2) Адамдар жаппай келетін үй-жайларда кілемдер, кілем төсемшелері және өзге де еден жабындары еденге берік бекітіледі;

3) + Эвакуациялау жолдарындағы есіктер ғимараттан шығатын бағыт бойынша ашылуы тиіс;

— 27. + Ғимаратта өрт болған кезіндегі адамдарды эвакуациялау жоспарын әзірлеу;

28. Аумағы уақытылы жанғыш қалдықтардан, қоқыстан, ыдыстан, құрғақ шөптен және басқа жанғыш материалдардан тазартылу;

+ 29. Ғимараттың терезелерінде темір торлар орнатуға жол бермеу (мекеменің қоймалық үй-жайларын, кассаларын, қару тұратын бөлмелерін, құпия бөлімдерін қоспағанда).

+ 30. Сыныптарда, кабинеттерде, жатын бөлмелерде, асханалар мен басқа да бөлмелерде жиһаздар мен жабдықты орналастыру кезінде адамдарды кедергісіз эвакуациялау және өрт сөндіру құралдарын алуы қамтамасыз етілуі керек;

— 31. Оқу сыныптары мен кабинеттерінде шкафтарда, сөрелерде немесе тұрақты орнатылған тіреулерде сақталуы тиіс оқу процесін қамтамасыз етуге қажетті жиһаздар, аспаптар, үлгілер, керек-жарақтар, құралдар ғана орналастырылады;

32. Жұмыс аяқталғаннан кейін үздіксіз жұмыс істейтін аппараттар мен электр құралдарынан басқа, қолданыстағы электр тұтынушыларды сөндіріп, барлық үй-жайларға тексеріс жүргізілуі тиіс;

33. Балалар тәулік бойы болатын мектеп ғимараттары мен мектепке дейінгі балалар мекемелерінде телефон байланысымен қамтамасыз ете отырып, қызмет көрсету персоналының тәулік бойы кезекшілігі белгіленуі тиіс.

Тізімі

1. Қажығали Мұханбетқалиұлы атындағы орта мектеп-гимназиясы;
2. №3 Қараулкелді орта мектебі;
3. Байғанин орта мектебі.